

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеті


Сапа менеджменті жүйесі бөлімі

«Қызметкерлердің және ПОҚ-тың жоғары оқу орнына қанағаттануы» сауалнамасының сараптамалық есебі


Мақсаты: Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінің еңбек жағдайына, ұйымдастырушылық ортаға, академиялық ресурстарға, басқару сапасына және моральдық-психологиялық климатқа қанағаттану деңгейін кешенді түрде бағалау.

Әлеуметтік сауалнама «Google Forms» ақпараттық платформасы арқылы электронды түрде, анонимді форматта жүргізілді. Қамтылған респонденттердің жалпы саны — 103 адам.


1. Университеттегі лауазымдық мәртебеңіз:



2. Ж.А. Тәшенев атындағы университеттегі жұмыс өтіліңіз:




3. Академиялық / ғылыми дәрежеңіз (ПОҚ үшін):




II БӨЛІМ. ЖЕКЕЛЕЙ СҰРАҚТАР БОЙЫНША БАҒАЛАУ

1. Еңбек жағдайы мен инфрақұрылым

1.1. Жұмыс орныңыздың техникалық және материалдық жабдықталуына (компьютер, орталықтандырылған желі, жиһаз, кеңсе тауарлары) көңіліңіз тола ма?




1.2. Оқу аудиториялары мен зертханалардың заманауи құрал-жабдықтармен және интерактивті технологиялармен қамтамасыз етілуін қалай бағалайсыз?



1.3. Университеттегі санитарлық-гигиеналық жағдайлар мен тамақтану орындарының (асхана/буфет) сапасы сізді қанағаттандыра ма?




1.4. Ақпараттық-кітапханалық ресурстарға, ғылыми дерекқорларға және ішкі электронды платформаларға қолжетімділік деңгейі қандай?




2. Академиялық орта және ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері


2.1. Жылдық және семестрлік оқу жүктемесінің (жұмыс көлемінің) бөлінуі қаншалықты әділ әрі тиімді жүргізіледі?



2.2. Университетте ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға (мақала жариялау, жобаларға қатысу, гранттар) жасалған жағдайды қалай бағалайсыз?




2.3. Оқу және ғылыми процесте Академиялық адалдық ережелері мен корпоративтік әдеп нормалары қаншалықты сақталады?




3. Басқару жүйесі және ұжымдық климат

3.1. Университет және факультет/кафедра басшылығының ашықтығын және кері байланысқа дайындығын қалай бағалайсыз?



3.2. Университеттің ішкі ақпараттандыру және шешім қабылдау процестері сіз үшін қаншалықты түсінікті әрі ашық?




3.3. Өз ұжымыңыздағы (кафедра/бөлім) моральдық-психологиялық ахуалды қалай бағалайсыз?




4. Еңбекақы, ынталандыру және кәсіби даму


4.1. Біліктілікті арттыру, кәсіби қайта даярлаудан өту және тағылымдамаларға қатысу мүмкіндігі қаншалықты қамтамасыз етілген?



4.2. Алатын еңбекақыңыз орындалатын жұмыс көлемі мен жауапкершілік деңгейіне сай ма?



4.3. Университеттегі белсенді әрі сапалы еңбекті моральдық және материалдық ынталандыру (сыйақылар, бонустар, марапаттар) жүйесіне көңіліңіз тола ма?



«Қызметкерлердің және ПОҚ-тың жоғары оқу орнына қанағаттануы» сауалнамасының нәтижелері негізінде

- Жүргізілген мониторинг пен статистикалық талдау барысында алынған деректер қызметкерлер мен профессор-оқытушылар құрамының (ПОҚ) университеттегі еңбек жағдайларына, ұйымдастырушылық ортаға және процестерді басқару сапасына қанағаттану деңгейінің жалпы он екендігін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің көпшілігі ЖОО-ның академикалық саясатына, ресурстармен қамтамасыз етілуіне және басшылықтың кәсіби қызметіне жоғары баға берген.

- Талдау нәтижелері келесідей негізгі аспектілерді анықтауға мүмкіндік берді:

- Қызметкерлер мен ПОҚ-тың пікірінше, университетте жасалған еңбек жағдайлары кәсіби дамуға бағытталған және заманауи білім беру мен ғылым талаптарына сай келеді;

- Кәсіби құзыреттіліктерді арттыру, академикалық адалдық пен еркіндікті қолдау, ұжымдағы корпоративтік мәдениетті дамыту секілді нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштері оң сипатта;

- Жұмыс пен ғылыми-академикалық ресурстардың (кітапхана, электронды платформалар, ғылыми зертханалар, инфрақұрылым) қолжетімділігі мен сапасы қызметкерлердің еңбек процесіне деген қанағаттанушылығын арттыратын маңызды фактор ретінде танылған.

- Сонымен қатар, сауалнама барысында ұйымдастырушылық және еңбек жағдайларын жетілдіру мақсатында бірнеше ұсыныстар да келіп түсті:

- Жұмыс және оқу бағдарламаларына, әкімшілік процестерге заманауи цифрлық құралдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді көбірек енгізу;
- Профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру, ғылыми-зерттеу стажировкаларының санын арттыру;
- Еңбекті бағалау және ынталандыру (бонустар, рейтинг) жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету және нақты критерийлерді енгізу.
- Жалпы алғанда, қызметкерлер мен ПОҚ-тың жауаптары университеттегі жұмыс процесінің тиімділігі мен корпоративтік ортаға қанағаттану деңгейінің жоғары екендігін дәлелдейді. Бұл университеттің кадрлық әлеуетті дамыту мен еңбек жағдайын арттыру бағытында жүргізіп отырған жүйелі жұмысының оң нәтижесі болып табылады.